**Мереке ауылының жергілікті қауымдастық жиынының**

**№10 хаттамасы**

**31 желтоқсан 2025 жыл** **Мереке ауылы**

**Жиын төрағасы:** М.Хасанов
**Жиын хатшысы:** А.Жұбанышева

**Қатысушылар саны:** 22 адам

**Күн тәртібі:**

1. **2026 жылға арналған Мереке ауылдық округінің бюджеті туралы;**
   (Хабарламашы: Мереке ауылдық округінің әкімі М.Нарыков)
2. **Бюджет қаражатын Мемлекеттік сатып алу порталына енгізу туралы**
   (Хабарламашы: Мереке ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі А.Ақболатова)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Мереке ауылдық округінің әкімі М.Нарыковтың хабарламасы тындалды:

Құрметті жиынға қатысушылар! Мереке ауылдық округі әкімі аппаратының 2026 жылға қарастырылған бюджеті келесідей:

| | |
|---|---|
| Жалпы кірістер: | - 46 938,0 мың теңге |
| Соның ішінде: | |
| Салықтық түсімдер: | - 4055,0 мың теңге; |
| Салықтық емес түсімдер: | - 135,0 мың теңге; |
| Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер: | - 600,0 мың теңге |
| Жалпы шығыстар: | - 46938,0 мың теңге; |
| Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратын ұстау: | - 41940,0 мың теңге; |
| Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық ұйымына жеткізуді ұйымдастыру; | - 211,0 мың теңге; |
| Елді-мекендердің көшелерін жарықтандыру: | - 1500,0 мың теңге; |
| Елді-мекендерді абаттандыру: | - 2048,0 мың теңге; |
| Ауылішілік жолдарды күтіп-ұстау: | - 1239,0 мың теңге. |

Мереке ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі А.Ақболатованың хабарламасы тындалды:

Құрметті жиынға қатысушылар биылғы қарастырылған бюджет қаражаты аясында кейбір жұмыстар мен қызметтерді қолданыстағы заңнамаға сәйкес бір көзден сатып алу тәсілдері арқылы өткізуді ұсынамын. Олар:

1. «Парус» Ақпараттық жүйесінің қызметі;
2. «Мереке ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі ғимаратының коммуналдық төлемдері;
3. Ауылішілік көше жарығының коммуналдық төлемі;
4. Ауыл көшелеріне бейнебақылау орнату және қызмет көрсету;
5. Баспа материалдарымен ақпараттық баннерлерді шығару қызметі;
6. Ауылішілік көше жарығына техникалық қызмет көрсету қызметі;
7. Ауылішілік жолдарды күтіп-ұстау жұмысы;

**М.Хасанов – қауымдастық жиынының төрағасы**: Жоғары да айтылғандарды қолдаймын. Бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында мемлекеттік сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізген дұрыс. Аталған жұмыстарды жауапкершілігі мол, жұмысты сапалы әрі уақытында жасайтын мердігерге берген жөн деп есептеймін.

Осы айтылғандарды тез әрі сапалы түрде жасау үшін бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыруды ұсынамын.

## ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ

1. Мереке ауылдық округінің әкімі Нарыков Мәлс Жасанғалиұлының хабарламасы қаперге алынсын.
2. Мереке ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Ақболатова Анар Төлешқызының ұсынысы негізінде келесі жұмыстармен қызметтер бір көзден сатып алу тәртібімен жүзеге асырылсын:
   - «Парус» Ақпараттық жүйесінің қызметі;
   - «Мереке ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі ғимаратының коммуналдық төлемдері;
   - Ауылішілік көше жарығының коммуналдық төлемі;
   - Ауыл көшелеріне бейнебақылау орнату және қызмет көрсету;
   - Баспа материалдарымен ақпараттық баннерлерді шығару қызметі;
   - Ауылішілік көше жарығына техникалық қызмет көрсету қызметі;
   - Ауылішілік жолдарды күтіп-ұстау жұмысы;
   - Баспа материалдарымен ақпараттық баннерлерді шығару қызметі;
   - Ауылішілік көше жарығына техникалық қызмет көрсету қызметі;
   - Ауылішілік жолдарды күтіп-ұстау қызметі;
3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Мереке ауылдық округінің әкімі аппаратына жүктелсін.

**Жиын төрағасы:** **М.Хасанов**

**Жиын хатшысы:** **А.Жұбанышева**